

2024 жылғы 15 ақпан

«Эйр Астана» тобы IPO-ны сәтті аяқтады

- «Эйр Астана» тобы акцияларды ел ішінде және шет елдерде үш биржада орналастырған алғашқы қазақстандық компания болып табылады
- IPO процесінде тартудың жалпы сомасы шамамен 370 миллион АҚШ долларын құрады
- Бөлшек инвесторлардың 97,8% өтінімдері толық көлемде қанағаттандырылды

Алматы, Қазақстан - «Эйр Астана» тобы (Топ), Орталық Азия және Кавказ өңірлеріндегі парктің түсімі мен көлемі бойынша ірі әуекомпания, бүгін өзінің акцияларын бастапқы жария орналастырудың, жергілікті инвесторлардың мажоритарлық қатысуымен бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы ең ауқымды жекешелендірудің аяқталғанын жариялайды.

Бұл бір мезгілде үш қор биржасында: Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange және Лондон қор биржасында өткізілген алғашқы IPO. IPO мәміленің жалпы мөлшері шамамен 370 миллион АҚШ долларын құрады (қосымша орналастыру опционы толық орындалған жағдайда), бұл Топтың шамамен 847 миллион АҚШ доллары бағалауына сәйкес келеді.

Топтың IPO-ға қатысу үшін берілген өтінімдер саны қазақстандық инвесторлар тарапының, бөлшек және институционалдық, сондай-ақ халықаралық инвесторлар қоғамдастығының қолдауы арқасында ұсыныстан асып түсті. Ұсыныстың 58% -ы жергілікті инвесторлар арасында, 42% -ы халықаралық инвесторлар арасында орналастырылды.

Қазақстан нарығындағы жалпы сұраныс 483 миллион АҚШ долларынан асты. Бөлшек инвесторлар шамамен 216 миллион АҚШ доллары көлеміндегі «Эйр Астана»-ның IPO-на 60 мыңдай¹ өтінім берді. Бөлшек инвесторлар тарапынан жалпы сұраныстың 53% қанағаттандырылды. Қазақстандық институционалдық инвесторлар (зейнетақы қорын қоса алғанда) олардың тарапынан жалпы сұраныстың 38% -ға жуығын алды, халықаралық инвесторлар орналастыру кезінде өз тарапынан жалпы сұраныстың шамамен 25% алды.

Әділ қарым-қатынасты және басқа халықаралық орналастыруларға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін 30 000 АҚШ доллары² немесе одан төмен сомаға бөлшек инвесторлардың тапсырыстары 30 000 АҚШ долларынан асатын қалдық сома негізінде сұраныстың қалған бөлігін барабар бөлумен толық бөлінді. Нәтижесінде бөлшек инвесторлардың тапсырыстарының 97,8% -ы толық көлемде орналастырылды.

IPO шеңберінде Топ өз өсуінің келесі кезеңін жеделдету үшін 120 миллион АҚШ долларын тартты.

Қазіргі акционерлер - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және BAE Systems (Қазақстан) Лимитед өз үлесін қосымша орналастыруға арналған опционды

¹ Акциялар үшін бағамы 1073,83 теңге немесе одан жоғары және ЖДҚ үшін \$9,5 немесе одан жоғары өтінімдер.

² ЖДҚ үшін 30 мың доллар, акциялар үшін 13,5 млн теңге.

толық орындаған кезде тиісінше 41,0% және 15,3% дейін қысқарта отырып, Акцияларды (немесе Акцияларды білдіретін ЖДҚ) сатты.

«Эйр Астана» АҚ Президенті және Бас атқарушы директоры Питер Фостер былай деді:

"Бұл «Эйр Астана» тарихындағы айтулы оқиға, себебі біз ресми түрде жария компанияға айналуға айналудамыз. Бұл IPO қазақстандық инвесторларға ұсынылған бағалы қағаздардың басым бөлігін қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық нарықтарда капитал тарту үшін мұқият ойластырылды. Біз бұған институционалдық та, бөлшек инвесторлар да тарапынан жоғары сұраныстың арқасында қол жеткізгенімізге қуаныштымыз. Қызығушылық деңгейі соншалықты жоғары болғандықтан, сұранысты қанағаттандыру үшін ұсыныс көлемінің ұлғаюына қарамастан, IPO-ға өтінімдер саны ұсыныстан бірнеше есе асып түсті.

"Эйр Астана» жиырма екі жыл бұрын алғашқы ұшқанымыздан бері ұзақ жолды жүріп өтті. Біз Орталық Азиядағы ең ірі әуекомпания болу және бүкіл өңір бойынша миллиондаған азаматтарға аспан ашу үшін ерекше сапарға аттанамыз. Қазір жаңа акционерлерімізді қарсы алу маған үлкен қуаныш әкеледі, өйткені біз өзіміздің өсу тарихымыздың келесі кезеңіне аяқ басамыз".

Қосымша ақпаратты www.airastana.com сайтынан немесе мына байланыс телефондары арқылы алуға болады:

«Эйр Астана»

Белла Тормышева
Корпоративтік коммуникациялар
жөніндегі вице-президент
+7 727 258 41 35
media@airastana.com

«Эйр Астана»

Ирина Мартинез
Инвесторлармен байланыстар
жөніндегі жетекші
+7 727 258 41 36
investor.relations@airastana.com

Instinctif Partners

Joe Quinlan
Vivian Lai
+44 20 7457 2020
airastana@instinctif.com

«Эйр Астана» Тобы туралы

«Эйр Астана» Тобы нарық үлесі бойынша Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі ең ірі әуекомпаниялар тобы. Осы хабарландыру сәтінде «Эйр Астана» компаниялар тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған «Эйр Астана» толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 50 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады.

«Эйр Астана» компаниялар тобы Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы «Эйр Астана» Тобы 16 елге шамамен 52 мың рейсте 7,3 миллионға жуық жолаушыны тасымалдады. COVID-19-дан кейін әлем бойынша орташа көрсеткіштермен салыстырғанда



«Эйр Астана» Тобы жылдам қарқынмен сәтті қалпына келді де, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған үш жыл ішінде кірістің жиынтық орташа жылдық өсу қарқыны 60,6% құрады.

2023 жылы «Эйр Астана» Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бірінші рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды.